



TURAN
UNIVERSITY



TRIPLEHELIX
Chapter **Kazakhstan**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ
Қ А У Ы М Д А С Т Ы Ы

**ИННОВАЦИОННО-
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЕ
ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ
ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ**

*Материалы международной
научно-практической конференции*

12 декабря 2018 г.

В трех частях

Часть 1

**Алматы
2019 г.**

Резюме

В статье рассмотрены возможности технологической модернизации Казахстана в условиях глобального развития. Автором рассматриваются новые тенденции развития инновационно-технологического сектора. Показаны основные каналы трансферта технологий и формы включения развивающихся экономик. При формировании политики технологической модернизации в Казахстане рекомендовано учитывать возможности, связанные с повышением конкурентоспособности экономики.

ӘОЖ 336.2/658.171

Л.А. БИМЕНДИЕВА,

э.ғ.к., доцент.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Ғ.А. ПАЗИЛОВ,

докторант.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

М.Қ. СЕЙДАХМЕТОВ,

э.ғ.к., доцент.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ.

ОГУЗ ДУРРУ,

докторант.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ

КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІГІН БАСҚАРУ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігі көбінесе басқарудың тиімділігіне байланысты екені белгілі. Мақалада кәсіпорынның инновациялық белсенділігі ұғымы қарастырылған. Инновациялық белсенділік аясында ғалымдардың пікірлері әртүрлі екені анықталып, олардың негізгі көзқарастары зерттелген. Сонымен қатар авторлар инновациялық белсенділік ұғымының анықтамасын келтірген. Мақалада кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқару жүйесі қарастырылған, сонымен қатар кәсіпорынның инновациялық қызметін тиімді басқару үшін кәсіпорынның басқару құрылымында инновациялық белсенділік мәселесімен айналысатын органдардың міндеттері көрсетілген.

Тірек сөздер: инновация, инновациялық әлеует, инновациялық белсенділік, индустриалды-инновациялық даму, тұжырымдама.

Қазақстан түрлі табиғи ресурстарға бай ел. Оның аумағында қызмет ететін кәсіпорындардың табысты жұмыс жасауын қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Себебі еліміздің инновациялық әлеуетін толық пайдалану үшін алдымен кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру қажет.

Бүгінгі таңда отандық кәсіпорындарда тиімді инновациялық қызметті жүзеге асырудағы негізгі мәселенің бірі инновациялық белсенділікті басқару деңгейінің төмендігі болып есептеледі.

Инновациялық белсенділік аясында ғалымдардың көзқарасы әртүрлі, кейбір ғалымдар шаруашылық тәжірибеде ғылым мен техника жетістіктерін қолдану қарқындылығы деп түсіндірсе; басқалары инновациялық белсенділік - субъектінің кәсіпкерлік қызметінің мақсатты жұмыс істеуі, жабдықтарды, жаңа сапалы техника, технология және өнім түрлерін өндіру, зияткерлік меншік нысандарын жасау, басқару әдістері мен өнбекті ұйымдастырудың неғұрлым озық түрлерін әзірлеу деп санайды.

Инновациялық белсенділік ұйымның әзірлемелерді енгізу және технологияларды жетілдіру саласында, нарыққа жаңа өнім шығаруды көрсетеді. Инновациялық белсенді кәсіпорын - бұл соңғы үш жыл ішінде инновациялық жаңашылдықты қалыптастыруды жүзеге асыратын, яғни жаңа «жетілдірілген» өнім, қызметтер, әрі қарай тарату технологиясымен коммерцияландыру және инновациялық қызметтің өзге де түрін жүзеге асырған, инновациялық қызметте өзінің зерттеулеріне, қызметкерлерді оқытуға ақша бөлген, инновациялық қызметті жүзеге асыру барысында өзге кәсіпорындармен, ғылыми-зерттеу ұйымдармен әлеуметтік серіктестік құрған кәсіпорын болып табылады [1].

Инновациялық белсенді кәсіпорындар - бұл өнімдік немесе маркетингтік инновацияларды енгізген, сонымен қатар ұйымдастырушылық және маркетингтік инновацияларды енгізген немесе енгізу кезеңіндегі, бірақ әлі енгізу аяқталмаған немесе енгізуді тастап кетпеген кәсіпорындар болып табылады [2].

Инновациялық белсенділік әзірлемелерді енгізу және технологияларды жетілдіру, нарыққа жаңа өнім шығаруда ұйымның қарқынды қызметі [3].

Біздің ойымызша кәсіпорынның инновациялық белсенділігі бұл инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін белгілі бір уақыт аралығында инновацияларды енгізудің қарқындылығы (жылдамдығы) және оның тиімділігі болып табылады. Себебі кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің арқасында инновациялар жылдам, әрі тиімді енгізілуі қажет. Мұнда уақыт факторы да маңызды болып есептеледі. Себебі уақыт өте келе инновация өзінің құндылығын жоғалтуы мүмкін.

Бүгінгі таңда отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен деңгейде қалып отыр

(1-кесте). Дамыған елдерде бұл көрсеткіш, атап айтсақ, Германияда - 80%, АҚШ, Швеция, Италия, Франция елдерінде шамамен - 50%, Түркияда - 33%, Венгрияда - 47%, Эстонияда - 36%, Ресейде - 9,1%.

Кесте 1 - Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы бойынша	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Кәсіпорындардың саны барлығы, бірлік	22070	24 068	31 784	31 077	30 854
одан инновациясы барлары	1774	1 940	2 585	2 879	2 974
Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен	8,0	8,1	8,1	9,3	9,6
Ескертпе - ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылды.					

1-кесте мәліметтеріне сәйкес соңғы жылдары республика бойынша кәсіпорындардың саны және оған сәйкес олардың ішінде инновациясы барларының саны да артып келеді.

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін басқаруды қолға алмай, олардың инновациялық қызметін дамыту мүмкін емес. Өйткені қазіргі орын алып отырған жағдай түрлі салаларда инновациялық белсенділікпен байланысты жаңа мүмкіндіктерді іздеуді талап етеді.


Кәсіпорынның инновациялық белсенділігі инновациялық әлеует, инвестициялық әлеует, инновациялық инфрақұрылым, интеллектуалдық әлеует, ұйымдастырушылық - басқарушылық әлеует және техникотехнологиялық әлеует арқылы сипатталатын, өз кезегінде басқарылатын инновациялық үдеріс бағытын анықтайды. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқарудың сызбасын 1-суретте көрсетеміз [4].

1-суретбойынша кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқару жүйесін басқаратын және басқарылатын деп екі жүйеге бөліп қарастыруға болады.

Мұнда басқаратын жүйеге: ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеует және интеллектуалдық әлеуетті жатқызамыз. Олардың көмегімен кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқаруға қолға жеткіземіз. Ал басқарылатын жүйеге: инновациялық инфрақұрылым, инвестициялық әлеует және техникотехнологиялық әлеует жағдайы.

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқаруда алдымен ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеуетке мән берген дұрыс. Өйткені ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеует бұл инновациялық белсенділікті басқарудың маңызды буыны болып есептеледі. Одан кейін

кәсіпорынның интеллектуалдық әлеуеті, яғни мамандардың біліктілігі, жаңашылдықтарды қарқынды, әрі тиімді қабылдап, одан қорытынды шығарып, кәсіпорынның қызметінде пайдалану мүмкіншіктерін қарастыру қажет. Сондықтан да кәсіпорында интеллектуалдық әлеуетті үнемі назарда ұстау қажет. Себебі қазіргі заманда күштен гөрі, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы жұмыс жасау көбірек табыс әкелетіні белгілі.



Сурет 1 - Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқару жүйесі

Ескертпе - Новикова О.А., Полева Н.А. Анализ инновационной активности как инструмент формирования стратегии предприятия.

Ал басқарылатын жүйенің ішінде инновациялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету инновацияның енгізудің ең бастапқы шарты десекте болады, өйткені инновациялық инфрақұрылымсыз инновацияны енгізу мүмкін емес. Инвестициялық әлеует қазіргі кәсіпорындардың қаржы ресурстарына қажеттілігін қанағаттандыруда өте қажет болып есептеледі. Себебі кәсіпорындар инновацияны енгізуде көбінесе қаржылық қиындықтарға тап болып жатады. Сондықтан да кәсіпорынның инвестициялық әлеуеті жоғары болған сайын, оның инновациялық белсенділігі де жоғары болытыны белгілі. Технико-технологиялық әлеует бұл кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің алғышарттарының бірі болып табылады. Кәсіпорын заманауитехнико-технологиялармен қамтамасыз етілген болса, оның бәсекелестерге қарағанда артықшылыққа ие екендігін

көрсетеді. Бұл кәсіпорынның инновациялық белсенділігін арттыруға оң ықпалын тигізетін болады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметін тиімді басқару үшін оның инновациялық белсенділігін түбейгейлі қарастыру қажет. Ол үшін кәсіпорынның басқару құрылымында инновациялық белсенділік мәселесімен айналысатын органдар келесілерге мән беруі қажет:

- ♦ инновациялық белсенділікті арттыру мүмкіншіліктерін қарастыру;
- ♦ инновациялық үдерістердің әрекетіне кедергі келтіретін факторларды анықтау;
- ♦ мамандардың біліктілік деңгейін анықтау, оларды ынталандыру шараларын қарастыру;
- ♦ кәсіпорынның жалпы шығындарының көлемінде, ҒЗКТЖ (ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибелік жұмыс) жұмсалған шығындардың үлесін анықтау;
- ♦ ҒЗКТЖ нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы одан алынатын пайданың жалпы пайдадағы үлесін анықтау;
- ♦ нарықтағы инновациялық өнімдерге сұранысты зерттеу арқылы, тиімді шарттармен ұсыныс жасау.

Осы аталған міндеттерді орындау арқылы кәсіпорындар өздерінің инновациялық белсенділігін тұрақты басқарып, болашақта көздеген мақсатына қол жеткізетін болады. Бүгінгі таңда отандық кәсіпорындарда ҒЗКТЖ жұмсалатын шығындар көлемі өте аз, тіпті көптеген кәсіпорындарда оған шығын жұмсалмайды. Бұл отандық кәсіпорындардың шикізатқа бағыттылығын сақтай отырып, қарқынды дамудан қалып қоюына әкеп соқтырады. Сондықтанда отандық кәсіпорындар мемлекеттің қолдауынан және өзінің басқа да мүмкіндіктерінен пайдалана отырып шикізаттан дайын өнім шығаруға, қарапайым өнімнен, инновациялық өнім өндіруге бет бұруы тиіс.

Қазіргі уақытта отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру міндеті кәсіпкерлердің күнделікті мәселелеріне қарамастан, өз уақытында емес көрінуі мүмкін. Бірақ әлемдік шаруашылық жүйелерді дамыту тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кеңейтілген өндіріске инновациялық қызметті енгізбей бәсекеге қабілеттілікке жету және ұлттық экономиканы тұрақты дамып кележатқан жаһандық экономикаға қосу мүмкін емес. Сондықтан да кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін тиімді басқару арқылы жаппай инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға өтуіміз қажет. Бұл кәсіпорындардағы инновациялық белсенділікті арттырып, болашақта дамыған елдердегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділік көрсеткіштеріне жетуге мүмкіндік беретін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мухамбетова Л.К., Чимгентбаева Г.К., Мунасипова М.Е. ҚР экономикасының жаңғырту жағдайында инновациялық белсенділікті микродеңгейде зерттеудің теориялық аспектілері // Вестник КазНУ. Серия экономическая. - 2016. - № 5(117). - Б. 110-117.

2 Vidmar D., Innovation activity in industry and selected services // Metodological explanation. April 2018. p. 8: <https://www.stat.si/StatWeb/File/DocSysFile/7993>.

3 Трифилова А.А. Управление инновационным развитием предприятия. - М.: Финансы и статистика, 2003. - С. 173.

4 Новикова О.А., Полева Н.А. Анализ инновационной активности как инструмент формирования стратегии предприятия // Вестник евразийской науки. - 2018. - № 3. - Том 10. - С. 1-8.

Resume

Innovative activity of an enterprise largely depends on management efficiency. The article discusses the concept of innovative activity of an enterprise. Within the framework of innovation activity, various opinions of scientists were revealed, their main views were studied. The authors also gave a definition of the concept of innovative activity. The article provides a system for managing the innovation activity of an enterprise, and also sets out the tasks of the bodies dealing with innovation activity in the structure of enterprise management for the effective management of the enterprise innovation activity.

УДК 334.021:35

З.Б. САДЫКОВА,
докторант.
Университет «Туран»

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО КАК ЭФФЕКТИВНАЯ МОДЕЛЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ГОСУДАРСТВА И БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрены эффективные формы взаимодействия государства и бизнеса. Выделены основные формы государственно-частного партнерства: государственно-частные предприятия; арендные отношения, включая лизинг; соглашение о разделе продукции; государственный контракт; концессия.

Ключевые слова: государство, предпринимательство, бизнес, взаимодействие, партнерство, общество.

Kussainova A.S. Analysis of the development of the Republic of Kazakhstan and the selection of adequate model of technological modernization	142
Бимендиева Л.А., Пазиров Ф.А., Сейдахметов М.Қ., Дурру Оғуз Кәсіпорынның инновациялық белсендігін басқару, бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторы ретінде	147
Садыкова З.Б. Государственно-частное партнерство как эффективная модель взаимодействия государства и бизнеса в Республике Казахстан	152
Ахметова А.Б. Государственно-частное партнерство в инновационной сфере	157
Суиндикова А.С. Инновационная экосистема: проблемы и пути решения.....	161
Хаджиева Г.У., Ялкунов М.У. Некоторые проблемы инновационного развития в Казахстане.....	166
Ниеталина Г.К. Предпринимательство в эпоху глобализации	170
Хишаева Ж.Т., Шакеев С.С. Развитие инновационного предпринимательства в Казахстане.....	175
Пралиева С.Ж., Шайхутдинова А.К. Қазақстандағы инвестициялық саясаттың кәсіпкерлік қызметке әсері	178
Иванюк Т.Н., Арышев В.А. Экономический анализ как инструмент управления предпринимательской деятельностью	183
Абдулдаева Ш. Инновациялық кәсіпкерліктің тиімділігіне әсер етуші нарықтық инфрақұрылым жағдайы.....	188
Shaikhutdinova A.K., Borovskaya I.L. Entrepreneurship in the epoch of digital transformation	193
Елшибекова К.Ж. Развитие женского предпринимательства в Казахстане.....	197
Айнакул Н.А. Концепция развития инновационной экосистемы.....	202
Балтабаева А.К., Закирова Д.И. Корпоративная социальная ответственность как фактор устойчивого развития региона	208
Қаби Ш. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік - экономикалық дамуының негізгі басымдылығы	214
Жангирова Р.Н. Оценка влияния инноваций на устойчивое развитие сельского хозяйства Республики Казахстан	218